

Бекітемін:  
«Аяла» санаторлық бебекжайы»  
КММ-сі директоры  
Өмірзак А.  
«20 «Май 2024ж.



**Сөйлеу тілінің тежелісі бар балалармен жүргізілетін топтық  
ұйымдатырылған іс-әрекеттің бірінші жартыжылдығына арналған  
перспективалық жоспары**

## **Түсінік хат**

Сейлеу тілінің тежелісі бар балалармен жүргізілетін топтық сабактардың бағдарламасы сөйлеу тілінің даму кезеңдері мен логопедиялық диагностиканың нәтижелерін негізге ала отырып құрастырылған. Перспективалық жоспардағы лексикалық тақырыптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандығы №422 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнынан алынды. Түзете-дамыту жұмыстарының әдістемесі келесі бағыттардың түрады:

### **Естіп қабылдаудың дамыту:**

- Дыбысқа шартты реакциясын қалыптастыру;
- Есту зейінін музыкалық аспаптардың көмегімен дамыту;
- Заттар мен заттар шығаратын дыбыстар арасындағы байланыс арқылы көру-есту зейінін дамыту;
- Дыбыстарды іздеу және бағдарлауын дамыту (дыбыс шыққан жақа мойнын бұру, денесін бұру, көзбен іздеу );
- Дыбыстың шығу орын іздеуге үйрету;
- Әртүрлі толқынды дыбыстарды ажырату;
- Баланы көрінбейтін дыбыс көзін табуға үйрету (экран);
- Әр түрлі дыбыстарға есту зейінін дамыту, әр түрлі интонациялық дауыс түсімен (мейірімді, көңілді, қатал) ересек адамның қарым-қатынасына эмоционалды жауап беру дағдыларын дамыту;

### **Сөз түсінігін дамыту:**

- Дыбыстарға, сөзге шартты реакциясын дамыту;
- «Қайда?» сұрағының қолдану аясын түсінуін дамыту;
- Ересекпен эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Қарапайым нұсқаулықтарды орындаудың дамыту;
- Ересектің нұсқаулығы бойынша қимылдарды орындаудың дамыту;
- Белгілі бір жағдаяттарға қарай нұсқаулықтарды түсінуі және орындауға үйрету («Ал», «бер»)
- Екі ойыншықтың ішінен, кейіннен 3-4 ойыншықтың ішінен аталған ойыншықты табу (таңдау) үйрету;
- Заттарды табуды және қарапайым нұсқаулық арқылы белгілі бір қимыл-әрекетті жасауға үйрету (куыршақты тербету, сипау, қуыршақты логопедке беру, арбага салу);
- Бір ойыншықпен бірнеше әрекеттерді жасауға үйрету: «Сипала, тербет, қолыңа ал, мұрның сұрт, көлікке сал, орындықтың үстіне отырғыз, төсегіне жатқыз»;
- Бір әрекетті әртүрлі заттармен жасауға үйрету: «Сиырды, атты, тауықты тамақтандыр»: «Ап-ап. Же. Му же»
- Зат пен бейнені байланыстыра алуын дамыту;
- Баланы арнайы дайындалған жағдайда бірдей белгілері бар, бірақ сыртқы қасиеттері бойынша ерекшеленетін ойыншықтарды табуға үйрету; (екі түрлі сиыр, ешкі, машина);
- Суреттерден қарапайым әрекеттерді түсінуін дамыту;

- Сюжеттік суреттерден әрекеттерді түсінуін дамыту; (Жақсы, жаман);
- Жалпылама сөздерді түсінуін дамыту;
- Сыртқы бейнесіне қарай заттарды ажыратын дамыту;
- Жалпы сипаттары бойынша заттарды топтауды үйрету;
- Заттарды түстері, көлемі, пішіні бойынша түсініп, ажыратуға үйрету;
- Қарапайым әңгімелерді тыңдауға және түсінуге үйрету;

#### **Белсенді сөйлеу тілін дамыту:**

- «Жауапты жымиу» қалыптастыру;
- Баланың дауыстық реакцияларына жауап беру – гурлдеу қалыптастыру;
- Эмоционалды-сөйлеу фонында әуезді интонациялық гуілдеуге ынталандыру;
- Дауыс шығарып күлгеге үйрету;
- Алғашқы буындарды шығаруға ынталандыру: (ба, ма, па);
- Кайталаамалы буындарды айтуда ынталандыру: (Ба-ба, па-па, ма-ма);
- Ересекпен қарым-қатынасқа түсуін дамыту;
- Танитын заттар мен әрекеттерді айта алуын дамыту;
- Заттар мен әрекеттерді еліктеу сөздері арқылы айта алауын дамыту;
- Қарапайым сөздерді айта алуға ынталандыру: (бер, ал, көрсет, бұл не?);
- Екі сөзден күралған сөз тіркесін айтуда үйрету: (бөле топ-топ);
- Буындық құрамды қалыптастыру (шапалақтаймыз, секіреміз; ма-ши-на, да-ла-да);
- Есімдіктерді қолдануды үйрету;
- Зат есіммен «жоқ» сөзін қолдану арқылы сөз тіркесінде сөйлеуге үйрету;
- «Үстінде», «астында», «жанында», «ішінде» қолдануды үйрету;
- «Бірінші», «Кейін», «Содан соң» сөздерн қолданып қарапайым сөйлем құрауда үйрету: (Бірінші алма, сосын банан тұр)
- «Неге? Не үшін?» сұраптарына дұрыс жауап беруге үйрету;
- Сюжеттік суреттердің көмегімен қарапайым сөйлем құрауда үйрету;
- Жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді қолдануды үйрету;
- Сөйлеу тілінде ттістіктерді дұрыс қолдануды үйрету;
- Сурет бойынша сұраптарға жауап беруге үйрету;

**Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру:** Көріп қабылдаудын, естіп қабылдаудын дамыту, есту және көру зейінін дамыту, есте сактаудын дамыту, ойлау операцияларын дамыту, кеңістіктегі бағдарлау дағдыларын дамыту; артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту, қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе-тендігін дамыту.

<b>Айы</b>	<b>апта</b>	<b>Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет</b>	<b>Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қыркүйек</b>	<b>1-2 апта</b>	<b>Диагностика</b>	<b>1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау</b>
	3 апта	Естіп қабылдауын дамыту Сөз түсінігін дамыту  Белсенді сөйлеу тілін дамыту  Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру:	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Дыбысқа шартты реакциясын қалыптастыру;</li> <li>- Дыбыстарға, сөзге шартты реакциясын дамыту;</li> <li>- «Ұйықтату» әрекетін түсінуін қалыптастыру;</li> <li>- «Жауапты жымию» қалыптастыру;</li> <li>- Баланың дауыстық реакцияларына жауап беру – гурлдеу қалыптастыру;</li> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «Аа» дыбыстық еліктеуін шыгару;</li> </ul> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Артикуляциялық аппаратты дамыту;</li> <li>- Ұсақ моториканы дамыту</li> </ul>
	4 апта	Естіп қабылдауын дамыту Сөз түсінігін дамыту  Белсенді сөйлеу тілін дамыту  Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру:	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Есту зейінін музыкалық аспаптардың көмегімен дамыту;</li> <li>- «Қайда?» сұрағының қолдану асын түсінуін дамыту;</li> <li>- Иә/жоқ түсініктерін қалыптастыру;</li> <li>- Дауыс шығарып күлуге үйрету;</li> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «И», «Му» «О» дыбыстық еліктеуін шыгару;</li> <li>- Қимыл-қозғалыс арқылы әрекеттерді қайталауын дамыту;</li> </ul>
<b>Казан</b>	<b>1 апта</b>	Естіп қабылдауын дамыту Сөз түсінігін дамыту  Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Заттар мен заттар шығаратын дыбыстар арасындағы байланыс арқылы көру-есту зейінін дамыту;</li> <li>- Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату</li> <li>- Ересекпен эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру;</li> <li>- Қарапайым нұсқаулықтарды орындауын дамыту;</li> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- Иә/жоқ сөздерін қолдануды үйрету</li> <li>- Алғашқы буындарды шығаруға ынталандыру: (ба, ма, па); (бам)</li> </ul>

		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру:	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Нұсқаулық арқылы қимыл-қозғалыстарды орындаудың дамыту;</li> <li>- Артикуляциялық аппаратты дамыту;</li> </ul>
2 апта	Eстіп қабылдаудың дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Дыбыстарды іздеу және бағдарлаудың дамыту (дұбыс шыққан жақа мойның бұру, денесін бұру, көзбен іздеу);</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарапайым нұсқаулықтарды орындаудың дамыту;</li> <li>- Ересектің нұсқаулығы бойынша қимылдарды орындаудың дамыту</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «Ай», «Ой» еліктеу дыбыстарына ынталандыру;</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тыныс алуудың дамыту;</li> <li>- Дауыспен жұмыс;</li> </ul>
3 апта	Eстіп қабылдаудың дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Дыбыстың шығу орын іздеуге үйрету;</li> <li>- Тұрмыстық дыбыстарды ажырату;</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ересектің нұсқаулығы бойынша қимылдарды орындаудың дамыту;</li> <li>- Белгілі бір жағдаяттарға қарай нұсқаулықтарды түсінуі және орындауға үйрету («Ал», «бер»)</li> <li>- Үлкен кіші түсініктерін қалыптастыру;</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Иә/жоқ, бер, ал сөздерін қолданудың дамыту;</li> <li>- лексикалық тақырыптаенжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- Тыныс аруды дамыту;</li> <li>- Тұрмыстық әрекеттерді дамыту;</li> </ul>
4 апта	Eстіп қабылдаудың дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Эртүрлі толқынды дыбыстарды ажырату;</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Екі ойыншықтың ішінен, кейіннен 3-4 ойыншықтың ішінен аталған ойыншықты табу (таңдау) үйрету;</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ерте онтогенездегі дыбыстармен бұындарды айтудың дамыту: Б, П, М, Н</li> <li>- лексикалық тақырыптаенжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тыныс алуудың дамыту;</li> <li>- Артикуляциялық аппаратты дамыту;</li> </ul>
Қараша	1 апта	Eстіп қабылдаудың дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Табиғат дыбыстарын ажыратуға үйрету;</li> </ul>
		Сөз түсінігін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Заттарды табуды және қарапайым нұсқаулық арқылы белгілі бір</li> </ul>

		<p>қымыл-әрекетті жасауға үйрету (куыршақты тербету, сипау, куыршақты логопедке беру, арбага салу);</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үстай, ұру етістіктерін түсінуін қалыптастыру;</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ерте онтогенездегі дыбыстармен буындарды айтуын дамыту: Б, П, М, Н</li> <li>- лексикалық тақырыптаенжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «Тук-тук» еліктеу сөзін ынталандыру.</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тыныс алуды дамыту;</li> <li>- Тұрмыстық әрекеттерді дамыту;</li> </ul>
2 апта	Естіп қабылдауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Баланы көрінбейтін дыбыс көзін табуға үйрету (экран); (машина, балға, ит);</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- Бір ойыншықпен бірнеше әрекеттерді жасауға үйрету: «Сипала, тербет, қолыңа ал, мұрнын сұрт, көлікке сал, орындықтың үстіне отырғыз, тәсегіне жатқызы»;</li> <li>- «Тығып қою, табу, іздеу» етістігін түсінуін дамыту;</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- Ерте онтогенездегі дыбыстармен буындарды айтуын дамыту: Б, П, М, Н</li> <li>- Ересекпен бірге қаталап: «Біз нені тығыш қойдық? Машиналы көрсетіп Би-Би» айтуын қалыптастыру;</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Көріп алқы есте сақтауын дамыту;</li> </ul>
3 апта	Естіп қабылдауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әр түрлі дыбыстарға есту зейінін дамыту, әр түрлі интонациялық дауыс түсімен (мейірімді, көңілді, қатал) ересек адамның қарым-қатынасына эмоционалды жауап беру дағдыларын дамыту;</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ересекпен қарым-қатынасқа тусуін дамыту;</li> <li>- «Бұлай емес, анда, мұнда» сөздерін түсінуін дамыту;</li> </ul>

		Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- Қайталауды бұындарды айтуда ынталандыру: (Ба-ба, па-па, ма-ма);</li> <li>- «Бах» еліктеу сөзін қалыптастыру;</li> <li>- «Жу» етістігін қолдануды үйрету;</li> </ul>
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Өзін-өзі бақылауын дамыту;</li> </ul>
4 апта		Естіп қабылдауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Құстардың дыбыстарын ажыратуды үйрету: ку-ку, құт-құт</li> </ul>
		Сөз түсінігін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бір ойыншықпен бірнеше әрекеттерді жасауға үйрету: «Тауыққа жем бер, тауықты сипала, тауық құлады, тауықты тұрғыз»;</li> </ul>
		Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «құт-құт» шағыру еліктеуді дамыту;</li> </ul>
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Саусақтармен нақты қимылдарды жасауды үйрету;</li> </ul>
Желтоқсан	1 апта	Естіп қабылдауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Құстардың дыбыстарын ажыратуды үйрету: ку-ку, құт-құт, күкареку, чик-чик</li> </ul>
		Сөз түсінігін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бір ойыншықпен бірнеше әрекеттерді жасауға үйрету: «Тауыққа жем бер, тауықты сипала, тауық құлады, тауықты тұрғыз»;</li> <li>- Ішінде, үстінде, астында сөздерін түсінуін дамыту;</li> </ul>
		Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «құт-құт» шағыру еліктеуді дамыту;</li> </ul>
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Саусақтармен нақты қимылдарды жасауды үйрету;</li> </ul>
2 апта		Естіп қабылдауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әртүрлі кеңестікте берілген дыбыстарды ажыратуын қалыптастыру;</li> </ul>
		Сөз түсінігін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сюжеттік суреттерден әрекеттерді түсінуін дамыту; (Жақсы, жаман);</li> </ul>

		Белсенді сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- Дене мүшелері мен киімдерді есте сақтауын дамыту;</li> <li>- Өзінің есімін және өзгелердің есімдерін атап, «Жу, ки, шеш» етістігін қолдану, «рақмет» сөзін қолдану</li> </ul>
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Көрү, есту арқылы есте сақтауын дамыту;</li> </ul>
3 апта	Eстіп қабылдауын дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Адамдардың шығаратын дыбыстарын ажыратада алуын дамыту;</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кезектілігі бойынша екі әрекеттің түсініп орындаудың қалыптастыру;</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «кетті, келді» етістіктерін қолдана алуын дамыту;</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әрекеттердің қайталай алу мүмкіндіктерін дамыту;</li> </ul>
4 апта	Eстіп қабылдауын дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Адамдардың жас ерекшелігі мен жынысына қарай шығаратын дыбыстарын ажыратада алуы (қыз, бала, әйел, ерек, ата, апа, бөпе)</li> </ul>
	Сөз түсінігін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сапалық сын есімдердің қолдануын туғсіну;</li> </ul>
	Белсенді сөйлеу тілін дамыту		<ul style="list-style-type: none"> <li>- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;</li> <li>- «ыстық-суық, ақ-қара, су, қар» сөздерін қолдануын дамыту;</li> </ul>
	Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тактильді сезінуін дамыту;</li> </ul>

**Бекітемін:**  
«Аяла» санаторлық бөбекжайы»  
КММ-сі директоры  
Өмірзак А.



**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қыркүйек 2024 жыл 3 апта**

**Сабактың мақсаты:**

- Дыбысқа шартты реакциясын қалыптастыру;
- Дыбыстарға, сөзге шартты реакциясын дамыту;
- «Ұйықтату» әрекетін түсінуін қалыптастыру;
- «Жауапты жымию» қалыптастыру;
- Баланың дауыстық реакцияларына жауап беру – гурлдеу қалыптастыру;
- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;
- «Ааа» дыбыстық еліктеуін шығару;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кенес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	<b>Жылулық шеңбер</b> Сәлем менің алақандарым, Сәлем менің аяқтарым. Сәлем менің беттерім, Сәлем менің мұрным <b>Әкемен бірге тілге, ерінге жаттығу жасасу.</b>				
Артикуляциялық жаттығулар	<b>Әкемен артикуляциялық гимнастика.</b> Керекті материалдар. «Әке» үлгісі немесе баланың әкесінің нақты фотосуреті, сондай-ақ гимнастикаға арналған шаблондар жиынтығы.				

	 <p>«Тәтті бал» - жалпақ тілді шығарып жоғары ерінді жалап, тілді ауыз қуысына теренірек кіргізіп ұстай.</p>  <p>(5 рет логопедпен бірге қайталау)</p> <p>Ауыз ашық, тілді қатайтып ұстап, үстіңгі-астыңғы тістердің артына кезек-кезек созу.</p>  <p>(5 рет логопедпен бірге қайталау)</p>
Тыныс алу жаттығулар	<p><b>«Желдеткіш» және «Қызығыш» тыныс алу жаттығулары</b></p> <p>Қажет: желдеткіш, жылытықыш суреті бар 2 карта «Отбасы» жинағынан алынған фигуralар, жыл мезгілдері жазылған карточкалар.</p> <p>Тапсырма: баланың алдына мүсінше қойыңыз (мысалы: мама) ,</p>  <p>желдеткіш пен жылытықышы бар екі карточка</p>  <p>біз бірінші со-фффф (сұық) соққанын, ал екіншісі</p>  <p>сохххххты (жылы) қыздыратынын</p>

	балаларға түсіндіреміз.
Саусақ гимнастикасы	<p>«Отбасы» өлеңі.</p> <p>Бұл менің –атам, Бұл менің – әжем. Бұл менің –әкем, Бұл менің – анам. Бұл - мен,</p>   <p>Бұл менің - отбасым. Шарты: Логопед әр саусақты кезекпен шымшып, уқалайды, соңында қытықтайды. Баланың екі қолымен қайталаймыз. Бала ойыншықпен немесе логопедтің қолын ұстап, қайталауы тиіс.</p>
Негізгі кезең	<p><b>Карточкамен ойын</b> Шарты: Қыс мезгілі бейнеленген картаны көрсетіп, баладан қыста жылы ма, сұық па деп сұраймыз?</p>  <p>Сұық, иә, анама да сұық, оны жылдыту үшін жылдытқышты қосу керек пе, ананы жылдыту керек пе?</p>  <p>бала мүсінді алып, «Ххх» деп ауа ағынымен жылдытуы керек.</p> <p><b>Тапсырма</b></p> <p>Баланың көңіл-күйін жақсарту және дем шығару күшін жаттықтыру үшін сабын көпіршіктерін пайдаланып тыныс алу жаттығуларын жасаймыз.</p>  <p><b>Ойын: «Отбасылық таңғы ас»</b> Мақсаты: есте сақтауды дамыту ойыны. Шарты: алдымен баланың алдына ана мен әкениң фигурасын қойып, әрқайсының атын атаемыз. Содан кейін әрқайсынына 1 өнім береміз. «Әкем жұмыртқа жеді, шешем тоқаш жеді» дейміз. Біз мүсіншелерді алып, балаға алдымен анасын беріп, сұраймыз "Анам не жеді? Иә, тоқаш. Әкем не жеді? Иә, жұмыртқа". Содан кейін біз ана мен баланың 2 фигурасын қалдырамыз. Балаға алма, анасына банан береміз. Таңғы асқа кімнің не жегенін есіне түсіру үшін фигуralарды</p>

Шарты: логопед жұмысты қарапайым сөйлемді айту арқылы бастайды. Алдымен саусағымен «Бұл» деп барлық отбасы мүшелерін: атасы, әкесі, анасы, апасы, қызы, баласы деп бастайды



### *Oйын: Қолеңкесін тап*

Шарты: бала қолеңкесін тауып, көрсетіп, жабыстырышпен сәйкестендіріп атауы қажет: әкенің қайда екенін тап? Әке осында. Маған ананың қайда екенін көрсет? Ана осында. Маған атаның қайда екенін көрсетесің бе? Ата осында. Эже қай тұр? Эже міне. Аға мен бөле қайда? Осында. Әпкенің қайда тұрғанын көрсетесің бе? Міне, осында. Жарайсың, балақай!



Енді балалар, серігіп алайық.

### *Sergіту сәті*

Қолды белге қояйық,  
Басты онға бұрайық,  
Басты солға бұрайық.

қайтадан жасырып, балаға бір-бірден береміз.




### *Oйын: «Мениң болмем»*

Мақсаты: зейінін дамытуға арналған ойын.  
«Тап және көрсет, балақай». Біз шаблонды қойып, бірінші суретті көрсетіп, дауыстап, осыны табуды сұраймыз бөлмедегі зат (суретте). Мысалы, «Бұл не? Суреттегі допты табыңыз. Мұнда. Жарайсың. Бұл кім? Бұл мысық. Табу суреттегі мысық. Өте жақсы.





### *Мнемокесте*

Мақсаты: мнемокестені пайдалана отырып, балаларға отбасы туралы түсіндіру.



### *Кимылды ойын «Қол-аяқ»*

Мақсаты: жалпы моторикасын және түстерді

	<p>Бір отырып, бір тұрып. Біз демалып алайық.</p> <p><b>Ойын: «Кім көңілді? Кім көңілсіз?»</b></p> <p>Мақсаты: ойын арқылы, балалардың ойын, эмоциялық сезімдерін дамыту.</p> <p>Шарты: Кім көңілді бала ма қыз ба? Неге?, кім көңілсіз бала ма қыз ба? Неге? Балалар эмоция арқылы көрсетіп, жауап берулері қажет.</p>  <p><b>Тапсырма</b> Шарты: Көңілді балалардың портреттерінің сыртын қызыл түске боя, ал көңілсіз балалардың портреттерінің сыртын көк түске боя.</p> 	<p>кабылдауды дамыту.</p>  <p><b>Тапсырма</b> <b>«Айырмашылығын тап»</b></p> <p>Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту.</p> 
<b>Қорытындылау</b>	<p>Отбасы туралы бейнеролик көрсету. Ата, апа, мама, папа сөздерін қайталату.</p>	<p><b>Баланы мадақтау</b> <b>-Жарайсың балақай!</b></p>

Бекітімін:  
«Аяла» санаторлық бөбекжайы»  
КММ-сі директоры  
Өмірзак А.



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы  
Қыркүйек 2024 жыл 1 апта

Сабактың мақсаты:

- «Қайда?» сұрағының қолдану аясын түсінуін дамыту;
- Иә/жоқ түсініктерін қалыптастыру;
- Дауыс шығарып қулуге үйрету;
- лексикалық тақырыпта енжар және белсенді сөздік қорын дамыту;
- «И», «Му» «О» дыбыстық еліктеуін шығару;
- Қимыл-қозғалыс арқылы әрекеттерді қайталауын дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әнгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	<b>Күлімсіреу</b> Мақсаты: өзара күлімсіреу, баламен тығыз қарым-қатынасқа түсуді көздейді. Кенеттен музыкалық аспаптың дыбысы естіледі. <b>Қысқа сұрақ қою</b> -Қайда? Баланы дыбыс көзін іздеуге шақырамыз: басын дыбыс шығаратын затқа бұрып, естуді бағдарлау реакциясы пайда болып, басы дыбысқа қарай бұрылғанда, дыбыстың көзін көруге мүмкіндік береміз. Бала логопедтің қолындағы домбыраға қарап қана қоймай, оны ұстап, өзіне қарай тартуға мүмкіндік береміз.				
Қимыл-қозғалыс әрекеті	Қимыл-қозғалыс арқылы логопедпен бірге домбыраны шертуге тырысады.				

		
<b>Негізгі кезең</b>	<p><b>Суретпен жұмыс</b>          -Домбырада кім ойнады?          Шарты: балалар суретке қарай отырып иә немесе жоқ деп жауап береді.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">     </div> <p>Ата?      Апа?      Ана?      Эке?</p> <p><b>D/O: «Ойлан тап»</b>          Шарты: суретте әр отбасы мүшелері, өз отбасында неше адам бар екенін саусақпен көрсетіп тұр. Соны жанындағы суреттен дұрыс тауып белгіле.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Допты домалату»</b>          Шарты: су толтырылған бөтелкені допты аяқпен теуіп немесе қолмен лақтыру арқылы құлату.</p> <p><b>Ойын: «Үйге жсол тап»</b>          Мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Бүгінгі сабакта «Отбасы» туралы жалғастырамыз.          -Кәне,балалар, айтындаршы «Отбасы» деген не?          Отбасы-бұл туыстық жақындығы бар адамдар. Отбасы мүшелері-бұл: ата,әже, әке, ана, тәте.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p><b>Тапсырма          «Кім бастық?»</b>          Мақсаты: балаларға отбасы мүшелерін есте сақтауга және атауға көмектесу, отбасына деген сүйіспеншілік пен күрметке тәрбиелеу.          Шарты: логопед балаларға отбасында ең бірінші кім, кезекпен отбасы мүшелерінің атын атап, суреттерін отбасы ағашына жабыстырулары керек.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b>          Бір үйде біз нешеуміз?          Кел санайық бесеуміз.          Бас бармақ-әкем.          Балаң үйрек –анам,          Ортаң терек-агам,          Шылдыр шүмек-мен,          Кішкентай бөбек-бөпем.</p>

 <p><b>Ересектердің комегімен қайталау</b></p> <p>Сейлеу қабілеттеріне байланысты:</p> <p>му-му; -мэ-мэ; -иа,иа.</p> <p><b>Д/О: «Құрастыр»</b> Шарты: екі бөлікке бөлінген отбасы мүшелерінің суретін дұрыс құрастыру.</p>  <p><b>Саусақ жастығы:</b></p> <p>Бас бармағым-атам, үйдің данасы, Балаң үйрек-әжем, ошақ анасы, Орган терек-әкем, отау панағы, Шылдыр шүмек- шешем, шаңырақ ажары, Кішкентай бөбек-бөпем, үйдің базары.</p> <p><b>Тапсырма</b> Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту, сұрыптауышы</p>	 <p><b>Бір үйде біз нешеуміз?</b> Бір үйде біз бесеуміз.</p> <p><b>Ойын: «Көлеңкесін тап»</b> Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.</p>   <p><b>Д/О: «Рет –ретімен»</b> Шарты: Шалқан өртегісінің кейіпкерлерін рет ретімен өз орнына орналастыры.</p>  <p>Мысық –мяу, мяу, ит-ав, ав, тышқан- пи, пи.</p> <p><b>Тапсырма «Ойыншиқты тап»</b> Шарты: балалар отбасының сүйікті ойыншиқтарын табулары қажет.</p>
---	--

	<p>(сортер) арқылы баланы логикалық ойлауға, бөлшектерді сұрыптау арқылы балалар тек ойланып қана қоймай, сонымен қатар есте сактауды және түс комбинацияларын пайдалануды үйрету.</p> <p>Шарты: сұрыптауды түстеріне қарай кысқышпен, ыдыстарға салу.</p> 	 <p><b>Тынығу сәті</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-біздің көзіміз жұмулы;</li> <li>-біздің қолымыз дем алады;</li> <li>-біздің аягымыз дем алады;</li> <li>-бүкіл дене босанды.</li> <li>-енде көзімізді ашамыз, бірі-бірімізге қарап құлеміз.</li> </ul>
<b>Корытындылау</b>	<p>Қандай бөлім өттік?</p> <p>-Бүгін біз үйимдастырылған оку іс-әрекетінде не туралы сөйлестік?</p> <p>-Отбасы туралы не білдіндер?</p>	<p>Жарайсындар балалар!</p> <p>Балалар, бүгінгі сабак сендерге ұнады ма?</p> <p>- Бүгінгі сабактың ойындары қызықты болдыма?</p> <p>- Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?</p>

Бекітімін:  
**«Айла» санаторийың бөбекжайы»**  
**КММ-сі директоры**

**Омірзак А.**

«29» науру 2024ж.



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Балалармен амандасу. Көніл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кенес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Кызығушылығын ояту	<b>Жылулық шеңбер</b> Күндей жадырап, Жұлдыздай жарқырап. Судай таза көнілмен, Сабағымызды бастайық. -Өте жақсы балалар!  Н.В.Нищеваның балаларға арналған «Көнілді артикуляциялық гимнастика» нұсқаулығын пайдалана отырып, ойын түрінде жаттығуды балалармен орындау.				
Артикуляциялық жаттығулар	Логопедпен бірге қайталап, жасайды. Аузымызды кең ашып, жабуды үйренеміз. Жаттығуды 3-5 рет қайталаймыз.		<b>«Сагат»</b> Тілді жіңішкеертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.		

Тыныс алу жаттығулар	<p><b>«Футбол» жаттығуы:</b> дұрыс тыныс алып, допты қақпаға үрлеу.</p> 
Саусақ гимнастикасы	<p><b>Үйшік</b> Егістікте үйшік тұр, Оған бараС жол жабық. Айқара ашып қақпаны, Шақырамын қонақса.</p>  <p><b>Шарты:</b> Суретке қарап, саусақ жаттығуын орындау. Баланың екі қолымен қайталаймыз. Бала логопедтің көмегімен немесе өзі қайталауға тырысады.</p>
Негізгі кезең	<p><b>Ойын: «Не жоқ?»</b> Мақсаты: зейін мен есте сақтауын дамыту. Шарты: логопед баланың қызығушылығын оятып, ойыншықтардың атауларымен таныстырып, әрқайсысын кезекпен атайды, ойынды үстелде немесе кілемде ойнатады. Ойыншықты атап, саусақпен баладан көрсетуін сұрайды.</p> <p>-Мынау  , мынау  , мынау  , мынау  , ал мынау  .</p> <p><b>Ойын: «Не жетіспеді?»</b></p> <p>Сюжеттік рөлдік ойын: «<i>Құрылыш</i>». Шарты: Тактильді элементтері бар текшелер мен үлкен жүк көлігін алып, ең алдымен балаға бір текшени көрсетіп, дауысымызды қатты шығарып «текше», «бұл текше». Текшени балаға береміз, ұстап көреді, алақанына салып айналдырады. Осы текшеден бірге мұнара құрастырайык. Логопед текшени жүк көлігіне салып, балаға көліктен текшени сұра дейді, «Текшени берші», «Бер», «Берші», «Ал», «Алшы» деген сөзге басты назар аударамыз. Бала ыммен көрсетіп «бер, бер, бер» деген сөздерді қайталайды. Текше біткенше мұнара тұрғызууды жалғастырады. Мұнараны тұрғызған соң, оны қайта логопед баламен бірге құлатады. Мұнара қалай құлайды «БААААХ» деп, логопед балаға көрсетеді. Мұнара қалай құлайды? «БААААХ» деп бала жауап береді.</p>

Шарты: Логопед баланың көзін жұмып, бір ойыншықты жасырып қояды. Бала қай ойыншық жоқ екенін түсіндіруге тырысады, егер киындықтар туындаса, логопед әр затты қайта атап арқылы көмектеседі. Мысалы: «Юла осында ма? -Иә. Аю осында ма?- Иә. Көлік осында ма? -Иә. Доп осында ма? -Иә. Не жетіспейді? Куууу-бик, дұрыс. Логопед ойынды қайталап, әр ойыншықты жасырады. Содан кейін баладан кез келген ойыншықты жасыруды сұрайды. Бала көмектесіп, не жасырганын дұбыстармен және ыммен түсіндіруге тырысады.

#### *D/O: "Көлеңкесін тап"*

Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту.

Ойынга деген қызығушылығын арттыру.

Шарты: Балалар ойыншықтардың көлеңкесін тауып, сызық арқылы қосады.



-Енді балалар, серігіп алайық.

#### *«Сергіту сәті»*

Ұзын құлақ, сұр қоян,  
Естіп қалып сыйбырды,  
Ойлы қырлы жерлермен  
Ытқып ытқып жүгірді.

Дидактикалық ойын: **«Өз орнын тап»**

Шарты: Ең алдымен әр ойыншықтың өз орыннын тауып бала орналастырып алады.



#### *Қимылды ойын.*

Күшік, мысық, балапан,

Куыршағым балақан.

Кәне, бәрің тұрындар,

Ойын сауық құрындар.

Шарты: Логопед бірінші тақпакты баламен бірге қайталайды. Сосын өлең жолдарындағы ойыншықтарды алып, саусақпен балаға көрсетіп күшік, мысық, балапан деп, куыршақпен бір қатарға тұрғызып, ойнатады.



#### *Ойын: «Кімнің ойыншығы?»*

Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.

Шарты: Балалар сызықтың үстінен саусақпен жүру арқылы, кімнің ойыншығы екенін табулары қажет.

Игра «Чын игрушка?»



#### *Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір»*

Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту.

Шарты: Балалар ойыншықтардың көлеңкесін тауып, карындашпен сызық арқылы қосады.

	 	 
	<p><b>Тапсырма.</b> Логопедтің нұсқауымен орындау қажет.</p> <p>-Көлікті тапшы.  Міне. Ол қалай жүреді? Би –би –би.</p> <p>-Куыршақты тапшы.  Міне. Ол өлең қалай айтады? Ля –ля –ля.</p> <p>-Допты тапшы.  Міне. Ол қалай секіреді? Оп – оп – оп.</p> <p>-Жарайсың!</p> <p>Логопед міндетті түрде баланың жауабын күтеді.</p>	<p>Ойын: «<i>Артығын тап</i>» Мақсаты: Баланың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: Балалардың алдына карточкалар беріледі, ойланған отырып, ойыншыққа жатпайтын артығын тауып, көрсетіп, айтулары қажет.</p> 
Қорытындылау	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Иә / Жоқ («Не жетіспейді?» ойныны арқылы)</li> <li>-Бер/ Ал («Құрылыш» ойныны арқылы)</li> <li>-Бах («Сюжеттік рөлдік» ойныны арқылы)</li> <li>-Даудың ыргагы арқылы: куыршақ ән айтады (ля, ля, ля), көлік жүреді (би, би ,би), текше құлады (бах)</li> </ul>	<p><i>Баланы мадақтау , Жарайсың балақай!</i></p>


**Бекітемін:**  
**«Айла» санаторлық бебекжайы»**  
**КММ-сі директоры**  
**Омірзак А.**  
**«20» нау 2024ж.**




## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Казан 2024 жыл 2 апта


Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	<p><i>Шаттық шеңбері.</i></p> <p>Сәлем күн - анамыз, Бүгін бәріміз қуанамыз. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шыққан бүгін Күн!</p> <p>Н.В.Нищеваның балаларға арналған «Көңілді артикуляциялық гимнастика» нұсқаулығын пайдалана отырып, ойын түрінде жаттығуды балалармен орында.</p>				
Артикуляциялық жаттығулар	<p>Логопедпен бірге қайталап, жасайды.</p> <p><i>«Кесе»</i></p> <p>Күлімсіреп, аузымызды сәл ашып, тіліміздің кең шетін астыңғы ернімізге қоямыз, (қажет болса, «бес-бес-бес» дыбысымен жоғарғы ерніңізбен ұру арқылы тіліңізді жайыңыз), тілдің барлық жиектерін «кесеге» бүгіп, жоғарғы тістерге қараң тілімізді көтереміз. Осы жаттығуды 5-10 секунд ұстап, 3-4 рет қайталаймыз.</p>	<p><i>«Дәмді тосан»</i></p> <p>Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.</p> <p>1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл онға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына</p>			

	 <p>Жыныс ойнайып Дүйнен көз алып Көз аялғандаңыз И көз көзкөйлең</p> <p>Түркі мәдениетінен Мұнай мен көз аялған Көз көзкөйлең Дүйнен көз алып</p>	<p>келтірген сон шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек.</p>  <p>Дүйнен көз аялған Дүйнен көз көйлең Жыныс ойнайды И көз көзкөйлең</p> <p>Түркі мәдениетінен Мұнай мен көз аялған Көз көзкөйлең Дүйнен көз алып</p>
<b>Тыныс алу жаттығулар</b>	<p><b>«Көпіршіктер»</b> Балалар мұрындары арқылы ауа жұтады, содан кейін үрлейді.</p> 	<p><b>«Қар жауады»</b> Мақтамен жаттығу «қар кесектерімен».</p> 
<b>Саусақ гимнастикасы</b>	<p><b>«Саусақтар»</b> Мақсаты: Саусақ жаттығулары арқылы бала тілін дамыту. Шарты: Қыстырығышпен, таяқшамен саусақ жаттығуын орындау. Бала логопедтің көмегімен немесе өзі жасауға тырысады.</p> 	


<p><b>Негізгі кезең</b></p>	<p>Дауысты дыбыстарға арналған жұмбақ ойын: <i>A, O, U</i>. Логопед баланың назарын аудару үшін, алдына қызықты құлпы бар қорап қояды. Баладан қорапты ашуды сұрайды, «Аш», содан кейін «1 ойыншық ал», «Бұл не?». Бала ойланып және оны атауга тырысады. Логопед дыбысқа назар аудара отырып, ойыншықтарды атайды. Мысалы,</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>«Бұл юла», «Бұл куыршақ», «Бұл машина» және т.б. Бала оны қайталауға тырысуы үшін, қызықтыра отырып сұрайды «Юланы іздейміз, юла қайда?». Бала жан-жақа қарап, іздей бастайды. Содан кейін нұсқаулар бере отырып, «Аш», «Ал», «Ізде», «Бер» деп қайталатады.</p> <p><b>Ойын: «Жұбын тап»</b></p> <p>Мақсаты: Ойыншықтарды түсіне қарай салыстыру. Шарты: Балаға ойыншықтар суреті бар карточкалар беріледі. Бала логопедтің көмегімен жұбын табады.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  <p><i>Sergitу сәті</i></p> <p>Онға, онға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым Алдыға қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.</p> </div> <div style="text-align: center;">  </div> </div> <p><b>Ойын: «Orнын тап»</b></p> <p>Мақсаты: Сөйлеуді, зейінді дамыту.</p>	<p><b>Ойын: «Ұлкен-кіші»</b></p> <p>Шарты: Бірдей 2 ойыншықты логопед баланың алдына қояды. Мысалы, доп. Баладан сұрайды, бұл не? Айтқан кезде «Доооооп» немесе «Машина». Бұл үлкен доп, үл-үл-үл деп, «Ұл-кееен» деп дауыспен айтамыз. Сосын көрсетеміз кішкентай доп «Бұл кішкентай доп, кіш-кіш-кіш» деп айттып, «Кіш-кееен-тааай» деп жәй айтамыз. Осыдан кейін логопед баланы тексереді. Бала үлкенінің қайда, ал кішінің қайда екенін табуы қажет «Маған үлкен доптың қайда екенін көрсетші?» Бала саусағымен нұсқаған кезде «Иә, жарайсың, бұл қандай доп?» бала логопедтен кейін қайталауы керек. Содан кейін кішкентай доптың қайда екенін сұрайды. Бала үлкен мен кішінің қайда екенін көрсетіп, табуға тырысады.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  <p>Большая кукла Маленькая кукла</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>Большая машина Маленькая машина</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>Большой мяч Маленький мяч</p> </div> </div> <p><b>Ойын: «Мұнда не жасырылған?»</b></p> <p>Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік корын, қиялын дамыту. Шарты: Логопед балаларға геометриялық пішіндер ұсынады - шенбер, шаршы, сопак, үшбұрыш. Балалар бұл фигуralар қандай ойыншықтарға ұқсайтынын анықтайды.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: center;">  </div> </div> <p><b>«Ойыншықтар»</b> саусақ ойны.</p> <p>Катарынан үлкен диванда (кезекпен шапалактау) Катяның куыршақтары отыр (жұдырығын соғып)</p>
-----------------------------	---	---



Дидактикалық ойын: «*Суреттерді құрастыр*»  
 Мақсаты: Балаларда заттың тұтас бейнесі туралы түсініктерін қалыптастыру, 2 немесе одан да көп бөліктерге қылған суретті біркітруге үрету, сөздік қорын дамыту.



«Буп-буп-буп»



«Буль-буль-буль»



«Мяу-мяу-мяу»




«Ко-ко-ко»

### «Қайтала»

Мақсаты: «Ай», «Ой» еліктеу дыбыстарына ынталандыру.

Екі аю, Буратино (барлық саусақтарын бір-бірден бүгеді)  
 Ал көңілді Чипполино,  
 Ал мысық пен пілдің баласы.  
 Бір, екі, үш, төрт, бес. (саусақтарды кезекпен бұгу)  
 Біз Катяға көмектесеміз (кезекпен шапалақтау)  
 Ойыншықтарды санаймыз (жұдырығын қағып).



### Ойын: «*Бул жерде кім жасырынып жатыр?*»

Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Шарты: Ойыншықтар қағазға араласып салынған - қоян, аю, пирамида, машина және т.б. Ойыншықтардың сұлбасын түрлі-түсті қарындаштармен сыйып, атаулары керек.



### *Тапсырма*

Шарты: Суретте қандай ойыншықтарды көріп түр, логопедтің көмегімен оларды шенберге сымады.





-қуыршақтың тісі ауырды «Ай-ай-ай»



-аюдың тісі ауырды «Ой-ой-ой»

### *Тапсырма*


Шарты: Сызықтан шығармай бояу қажет.



### **Корытындылау**

- Дауысты дыбыстарды шақыру: А, О, У
- Баланың енжар сөздік қорын етістіктермен байыту: аш, ал, қара, бер
- Баланың заттың қай жерде үлкен және кіші екендігі туралы түсінігін дамыту.

### **ИГРУШКИ**



Контуры каких игрушек ты видишь на рисунке?  
Обведи их.



2

**«Торай»** өлеңін логопедпен бірге қайталауға тырысады.  
Мақсаты: «Ай», «Ой» еліктеу дыбыстарына ынталандыру.

Томпаң, томпаң торай,  
Дауысының зор-ай.  
Дәкей бола қаласың,  
Толысымен он ай.

**Баланы мадақтау**  
**-Жарайсың балақай!**

**Бекітімін:**  
**«Аяла» санаторлық бебекжайы»**  
**КММ-сі директоры**  
**Әмірзак А.**

  
 2024 ж.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қазан 2024 жыл апта**

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кенес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	<p><b>Жылұлық шеңбер</b></p> <p>Күндей жадырап, Жұлдыздай жарқырап. Судай таза көңілмен , Сабағымызды бастайық. -Өте жақсы балалар!</p> <p>Н.В.Нищеваның балаларға арналған «Көңілді артикуляциялық гимнастика» нұсқаулығын пайдалана отырып, ойын түрінде жаттығуды балалармен орында.</p>				
Артикуляциялық жаттығулар	<p>Логопедпен бірге қайталап, жасайды. Аузымызды кен ашып, жабуды үйренеміз. Жаттығуды 3-5 рет қайталаймыз.</p> 		<p><b>«Сагат»</b></p> <p>Тілді жіңішкеертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.</p> 		

Тыныс алу жаттығулар	<p><b>«Футбол» жаттығуы:</b> дұрыс тыныс алып, допты қақпаға үрлеу.</p> 
Саусақ гимнастикасы	<p><b>Үйшік</b>  Егістікте үйшік тұр,  Оған барап жол жабық.  Айқара ашып қақпаны,  Шақырамын қонақта.</p>  <p><b>Шарты:</b> Суретке қарап, саусақ жаттығуын орындау.  Баланың екі қолымен қайталаймыз. Бала логопедтің көмегімен немесе өзі қайталауға тырысады.</p>
Негізгі кезең	<p><b>Ойын: «Не жоқ?»</b>  Мақсаты: зейін мен есте сақтаудың дамыту.  Шарты: логопед баланың қызығушылығын оятып, ойыншықтардың атауларымен таныстырып, әрқайсысын кезекпен атайды, ойынды үстелде немесе кілемде ойнатады. Ойыншықты атап, саусақпен баладан көрсетуін сұрайды.</p> <p>-Мынау  , мынау  , мынау  ,  мынау  , ал мынау </p> <p><b>Ойын: «Не жестіспеді?»</b></p> <p>Сюжеттік рөлдік ойын: <b>«Құрылыш»</b>.  Шарты: Тактильді элементтері бар текшелер мен үлкен жүк көлігін алып, ең алдымен балаға бір текшени көрсетіп, дауысымызды қатты шығарып «текше», «бұл текше». Текшени балаға береміз, ұстап көреді, алақанына салып айналдырады. Осы текшеден бірге мұнара құрастырайық. Логопед текшени жүк көлігіне салып, балаға көліктен текшени сұра дейді, «Текшени берші», «Бер», «Берші», «Ал», «Алшы» деген сөзге басты назар аударамыз. Бала ыммен көрсетіп «бер, бер, бер» деген сөздерді қайталайды. Текше біткенше мұнара тұрғызуды жалғастырады. Мұнараны тұрғызған соң, оны қайта логопед баламен бірге құлатады. Мұнара қалай құлайды «БААААХ» деп, логопед балаға көрсетеді. Мұнара қалай құлайды? «БААААХ» деп бала жауап береді.</p>

<p>Шарты: Логопед баланың көзін жұмып, бір ойыншықты жасырып қояды. Бала қай ойыншық жоқ екенін түсіндіруге тырысады, егер киындықтар туындаса, логопед әр затты қайта атап арқылы көмектеседі. Мысалы: «Юла осында ма? -Иә. Аю осында ма?- Иә. Көлік осында ма? -Иә. Доп осында ма? -Иә. Не жетіспейді? Куууу-бик, дұрыс. Логопед ойынды қайталап, әр ойыншықты жасырады. Содан кейін баладан кез келген ойыншықты жасыруды сұрайды. Бала көмектесіп, не жасырғанын дұбыстармен және ыммен түсіндіруге тырысады.</p> <p><b>Д/О: "Көлеңкесін тап"</b></p> <p>Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Шарты: Балалар ойыншықтардың көлеңкесін тауып, сызық арқылы қосады.</p>  <p>-Енді балалар, серігіп алайық.  <b>«Сергіту сәті»</b>      Ұзын құлақ , сұр қоян,      Естіп қалып сыйбырды,      Ойлы қырлы жерлермен      Ытқып ытқып жүгірді.</p> <p>Дидактикалық ойын: <b>«Өз орнын тап»</b>      Шарты: Ең алдымен әр ойыншықтың өз орынын тауып бала орналастырып алады.</p>	 <p><b>Қимылды ойын.</b>      Күшік, мысық, балапан,      Куыршағым балақан.      Кәне, бәрің тұрындар,      Ойын сауық құрындар.</p> <p>Шарты: Логопед бірінші тақпақты баламен бірге қайталайды. Сосын өлең жолдарындағы ойыншықтарды алып, саусақпен балаға көрсетіп күшік, мысық, балапан деп, куыршақпен бір қатарға тұрғызып, ойнатады.</p>  <p><b>Ойын: «Кімнің ойыншығы?»</b>      Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.      Шарты: Балалар сзызықтың үстінен саусақпен жүру арқылы, кімнің ойыншығы екенін табулары қажет.</p> <p><b>Игра «Чынға игрушка?»</b></p>  <p>Дидактикалық ойын: <b>«Сәйкестендір»</b>      Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту.      Шарты: Балалар ойыншықтардың көлеңкесін тауып, қарындашпен сзызық арқылы қосады.</p>
--	---

		<p style="text-align: right;">Нодда тема для начального обучения. Создано в программе: Author.ru</p>
	<p><b>Тапсырма.</b> Логопедтің нұсқауымен орындау қажет.</p> <p>-Көлікті тапшы.  Міне. Ол қалай жүреді? Би –би–би.</p> <p>-Куыршақты тапшы.  Міне. Ол өлең қалай айтады? Ля –ля–ля.</p> <p>-Допты тапшы.  Міне. Ол қалай секіреді? Оп– оп–оп.</p> <p>-Жарайсың! Логопед міндетті түрде баланың жауабын күтеді.</p>	<p>Ойын: «<i>Артығын тап</i>» Мақсаты: Баланың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: Балалардың алдына карточкалар беріледі, ойланған отырып, ойнишишқа жатпайтын артығын тауып, көрсетіп, айтулары қажет.</p>
<b>Корытындылау</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Иә / Жоқ («Не жетіспейді?» ойныны арқылы)</li> <li>-Бер/ Ал («Құрылыш» ойныны арқылы)</li> <li>-Бах («Сюжеттік рөлдік» ойныны арқылы)</li> <li>-Даудыс ыргағы арқылы: куыршақ ән айтады (ля, ля, ля), көлік жүреді (би, би ,би), текше құлады (бах)</li> </ul>	<p><i>Баланы мадақтау</i> , <i>Жарайсың балақай!</i></p>




**Бекітімін:**  
**«Айла» санаторлық бебекжайы»**  
**КММ-сі директоры**  
**Әмірзак А.**

«20 маусым 2024 ж.»

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан 2024 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	<b>Шаттық шеңбер</b> <b>«Жүректен-жүрекке»</b> Біздің топта ұл, қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналага, бар адамға, Тек мейірім сыйлаймыз. Н.В.Нищеваның балаларға арналған «Көңілді артикуляциялық гимнастика» нұсқаулығын пайдалана отырып, ойын түрінде жаттығуды балалармен орында.				
Артикуляциялық жаттығулар	<b>«Күлімдеу»</b> Үстіңгі тістерді астыңғы тістерге қойып, барлық тістерді көрсете отырып, ернімізді күлімдеп созамыз, күлімдеп 3 - 5 секунд ұстап, жаттығуды 3-4 рет қайталаймыз. 	<b>«Піл»</b> Еріндерді алға қарай жиырамыз, түтікше жасаймыз 3 - 5 секунд ұстап, жаттығуды 3-4 рет қайталаймыз. 			

<p><b>Тыныс алу жаттығулар</b></p>	<p><b>«Қауырсын»</b> Жаттығу қарапайым және кішкентайлар үшін қолайлы. Кішкентай құс қауырсыны - мысалы, жастықтан - ауада мүмкіндігінше ұзақ сақталуы керек. Жай үрлеу арқылы.</p> 	<p><b>«Қақпаға допты соқ»</b> Жаттығуды мұрынмен дұрыс тыныс алып, ауыздан дем шығарып, допқа үрлеу арқылы қақпаға кіргізу.</p> 												
<p><b>Саусақ жаттығуы</b></p>	<p>Мақсаты: қол, саусақ жаттығулары арқылы ешкі, қоян, құс пішіндерін жасауды үрету.</p> 													
